

2008 жылғы 1 шілдедегі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 шілдеде республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия 2008 жылғы маусым айында берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 14 заңды тұлғада бар, оның ішінде 9 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Қорлар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне республиканың экономикалық камтылған халқын тартуды жалғастыруда, нәтижесінде салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны үнемі өсіп келеді.

Сөйтіп, 2008 жылғы 1 шілдеде салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 1 361,4 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 9 377 008 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айларында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 153 296 немесе 1,66%-ға өсті, оның ішінде маусымда - 27 022 (0,29%).

2008 жылғы 1 шілдеде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 25,88%, «Қазақстан Халық Банкі» - 21,71%, «ҰларҮміт» – 14,74% және «БТА Қазақстан» - 9,87% немесе олардың үлесіне барлық қорлардың салымшыларының жалпы санының 72,20% келеді. Ағымдағы жылдың маусым айында 4 қор бойынша үлес алдыңғы есепті айлармен салыстырғанда 0,03 пайыздық тармаққа өскен.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны маусым айында 100 (0,24%) өсіп, 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 908,7 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасымен 41 348 болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 444 (1,09%-ға) өсті. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары барлық қорда болды.

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны мынадай қорларда болды: «Сенім» – 45,81%, «Капитал» – 18,74%, «ҰларҮміт» – 14,19% және «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,49% немесе 4 қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 92,23% келеді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2008 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 61,0 млн. теңгемен 4 013 болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 165 (4,29%-ға) өсті. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар екі қорда ғана болды: «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі».

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

2008 жылғы 1 шілдеде салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1 366,4 млрд. теңгені құрады немесе ағымдағы жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 158,3 млрд. теңгеге немесе 13,10%-ға ұлғайған. Ағымдағы жылдың

маусым айында жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 19,7 млрд. теңге болды немесе осы жылдың мамыр айында қалыптасқан өсімімен салыстырғанда 2,4 есе кем.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2008 жылғы қаңтар-маусым айында мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)			
Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсуі (өткен тоқсанмен салыстырғанда)	Өсудің қарқыны, (%-бен)
1.01.2008 ж.	1 208,1	-	-
1.04.2008 ж.	1 269,3	61,2	5,07
1.07.2008 ж.	1 366,4	97,1	7,65

Келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің сомасы тоқсан сайын ұлғаяды. Бұл ретте, ағымдағы жылдың екінші тоқсанында жинақталған зейнетақы қаражаты өсуінің сомасы 97,1 млрд. теңге болды немесе осы жылдың бірінші тоқсанында қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінен 1,6 есе артық. Жалпы 2008 жылғы бірінші жартыжылдықта жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 26,4 млрд. теңге болды, ал 2007 жылғы 1 жартыжылдықта 22,1 млрд. теңгені құраған немесе өсімі 19,46% болған.

2008 жылғы 1 шілдеде жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» - 404,1 млрд. теңге (29,57%), «ҰларҮміт» - 229,6 млрд.теңге (16,80%), «МЖЗҚ» – 224,3 млрд. теңге (16,41%) және «БТА Қазақстан» - 154,6 млрд.теңге (11,31%) құрады немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 74,09% келеді. Есепті кезеңде үлес 0,26 пайыздық тармаққа кеміді.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі маусым айында 22,8 млрд. теңгеге (2,25%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 шілдеде 1 039,4 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-маусым айларында зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі 127,3 млрд.теңге (13,96%) болды. 2007 жылғы 1 жартыжылдықта зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімдері 17,6 млрд.теңге болғанда, ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда олар 21,2 млрд. теңге болды немесе 20,45%-ға өсті.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар мен алушылардың шоттарына есепке алынған «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) маусым айында 1,06 млрд. теңгеге (0,27%) кеміп, 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 385,8 млрд. теңгені құрады.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 2008 жылғы бірінші жартыжылдықта мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


(млрд. теңге)				
Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсімі (алдыңғы есептік тоқсанмен салыстырғанда)	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
1.01.2008ж.	339,3	-	-	28,09
1.04.2008ж.	350,2	10,9	3,21	27,59
1.07.2008ж.	385,8	35,6	10,17	28,23

Келтірілген кестеден көріп отырғандай, 2008 жылғы екінші тоқсанда «таза»

инвестициялық кіріс сомасының елеулі өскенін байқауға болады және өсім сомасы 35,6 млрд.теңге немесе осы жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда ұлғаюы 3,3 есе көп болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасында «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2008 жылғы 1 шілдеде 28,23 болды немесе ағымдағы жылғы 1 маусыммен салыстырғанда үлес 0,49 пайыздық тармаққа кеміді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны және аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударымдарды жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы өсуде, ол 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 8,5 млрд. теңге болды немесе алдыңғы есептік аймен салыстырғанда 1,67%-ға өскен.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 78,7 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 маусымымен салыстырғанда 2,3 млрд. теңгеге (3,05%) өскен. 2007 жылдың тиісінше кезеңінде жүзеге асырылған зейнетақы төлемдері 7,8 млрд. теңге болғанда, 2008 жылғы қаңтар-маусымда қорлар алушыларға жалпы сомасы 15,6 млрд. теңге зейнетақы төлемдерін жүзеге асырған немесе 2 есе көп. 2008 жылғы қаңтар-маусымда зейнетақы аннуитет шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударымдар 132 алушыға жалпы сомасы 115,9 млн. теңге жүзеге асырылған.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ, қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару маусым айында 10,5 млрд. теңгеге (4,14%) өсіп, 264,0 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары 54,2 млрд.теңгеге немесе 25,83%-ға өскен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың сәуір-маусым айында 97,1 млрд. теңгеге немесе 7,64%-ға ұлғайып, 1 367,5 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 шілдеден бастап 2008 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 27,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	в %
ЖЗҚ		
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	404 389	29,57
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ "	249 203	18,22
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	228 773	16,73
«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	20 430	1,49
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	224 503	16,42
«ТұранӘлем Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы «БТА Қазақстан Жинақтаушы Зейнетақы Қоры»	154 982	11,33
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	81 059	5,93
«Грантум» Жинақтаушы зейнетақы қоры («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	81 059	5,93
«Сенім» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ еншілес ұйымы)	43 722	3,2
«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы» - «Капитал» ЖЗҚ» АҚ	43 751	3,2
«Отан» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	36 580	2,67
«Нефтегаз – ДЕМ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	34 565	2,53
«Нур-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ	32 839	2,4
«Атамекен» Жинақтаушы зейнетақы қоры» («Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	32 839	2,4
«Д.А.Қонаев атындағы Ашық Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ	29 008	2,12
«Қазақмыс» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	27 869	2,04
«Premier Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	5 050	0,37
«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	5 050	0,37
Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы	1 367 520	100

2008 жылғы 1 шілдеде инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың сәуір-маусым айында 90,5 млрд. теңгеге немесе 7,23%-ға ұлғайып, 1 343,4 млрд. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.07.2008ж.	
	млн. тенге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	332 190	24,73
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	305 319	22,73
Ұлттық Банктің ноттары	26 871	2,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	180 068	13,40
Акциялар	73 613	5,48
Облигациялар	106 455	7,92
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	15 539	1,16
Тазартылған алтын	49 366	3,67
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	589 940	43,92
Акциялар	177 144	13,19
облигациялар, оның ішінде:	412 796	30,73
шетел валютасына номинирленген	3 779	0,28
теңгеге номинирленген	409 017	30,45
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	174 864	13,02
Туынды бағалы қағаздар	1 385	0,10
Жиынтығы	1 343 352	100

Келтірілген деректерден көріп отырғанымыздай, инвестициялық портфельде ең көп үлесті ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары мен мемлекеттік бағалы қағаздар алады, олардың жалпы үлесі 68,56% құрайды немесе алдыңғы есептік аймен салыстырғанда 0,13 пайыздық тармаққа төмендеген.

Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер


2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2003 жылғы маусым - 2008 жылғы маусым кезеңіне - 48,37%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 44,55% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 62,94%);
- 2005 жылғы маусым – 2008 жылғы маусым кезеңіне - 34,45% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 41,27%);
- 2007 жылғы маусым – 2008 жылғы маусым кезеңіне - 9,66% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 20,0%).

Ағымдағы жылдың маусым айында жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өзгеруі мынадай тәсілмен сипатталды:

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 60 айда 15,0 базистік тармаққа өсті;
- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 36 айда 35,6 базистік тармаққа өсті;
- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 12 айда 21,5 базистік тармаққа кеміді;

**Зейнетақы активтері мен ЖЗ? номиналды? кіріс коэффициентіні?
ара-?атынасы**



Қорлардың қаржылық жағдайы

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 35,2 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал - 9,6 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың көлемінен - 27,27%. 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 38,2 млрд. теңгені құрады (алдыңғы есепті айдың деңгейінде).

2008 жылғы қаңтар – маусымда 14 қордың ішіндегі 12 қор жалпы сомасы 6,1 млрд. теңге пайда тапты (табыс салығын төлегеннен кейін) және 2 қор («Д.А. Қонаев атындағы» және «Республика») жалпы сомасы 0,3 млрд. теңге зиян шекті. Ағымдағы жылы қаңтар-маусымда жалпы қорлар бойынша жалпы сомасы 5,8 млрд. теңге пайда алды.

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қорлардың меншікті активтерінің есебінен қаржы инвестициялары 30,2 млрд. теңге құрады немесе қорлардың жиынтық капиталының 85,80% болды.

Қорлар меншікті активтерін инвестициялардың жалпы көлемінен мемлекеттік бағалы қағаздарға - 36,05%, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға 35,72%, «Кері РЕПО» операцияларына - 13,40% инвестициялады, екінші деңгейдегі банк салымдарына - 10,00%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға - 4,65%, сондай-ақ, инвестициялық қорлардың пайларына - 0,18% орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы	1.01.04	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.07.08
ЖІӨ млрд. теңгемен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 725,98	15 046,7
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,49	9,08

Зейнетақы жарналарының ЖІӨ қатынасы, %- бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,17	6,91
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,67	2,56
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,23
